



Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым - ойлап қой

Абай-Ақикат

Аудандық апталық газет
Еженедельная районная газета

Сенбі,
24 қыркүйек 2016 ж.

Суббота,
24 сентября 2016 г. abayhabar@mail.ru

№ 38
(4140)

ГАЗЕТ 1974 ЖЫЛДЫҢ 2 АҚПАНЫНАН ШЫҒАДЫ / ГАЗЕТА ИЗДАЕТСЯ СО 2 ФЕВРАЛЯ 1974 ГОДА www.abay-akikat.kz

АУДАНДЫҚ ӘКІМДІКТЕ

МАҚСАТ – НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫС

21 қыркүйек күні аудан әкімі С.Шайдаровтың төрағалығымен аппараттық жиналыс өтті. Күн тәртібінде үш мәселе қаралды. Жиналыс барысында аудандық тұтынушылар құқығын қорғау басқармасының басшысы Г.Дәуітпаеваның «8 айлық қорытындысы бойынша аудан тұрғындарының санитарлық – эпидемиологиялық сауаттылығы туралы» баяндамасы тыңдалды.

Аудан бойынша 8 ай ішінде басқармамен 78 жұқпалы және паразиттік аурулар жағдайлары бойынша мониторинг жүргізілген. Аудан аумағында ерекше қауіпті және вакциноммен басқарылатын жұқпалардың жағдайлары тіркелмеген, ұйымдардағы жұмыстармен, тамақ өнеркәсібімен, жатақхана және сатумен, сондай-ақ су арқылы таралатын факторлармен байланысты жалпай және топтық жұқпалы ауруларға жол берілмеген. 2016 жылдың 8 айында жұқпалы аурулар бойынша көрсеткіш жылдағы орташа көрсеткіштен жоғарлаған емес, оның ішінде 78 жұқпалы аурудан 22 (28,2%) тіркеуге және есепке жататыны тіркелген. 2015 жылмен салыстырғанда 11 аурудан төмен көрсеткіш, 9 жұқпалы аурудан жоғарғы көрсеткіш, 2 жұқпалы ауру бойынша бұрынғы көрсеткіш көрсетілуде.

Жіті ішек жұқпалы аурулары бойынша ауданда көрсеткіш анағұрлым өскен. Ағымдағы жылдың 8 айында 25 жағдай тіркелген (2015 жылы – 18 жағдай). Бұндай жағдайдың көп болуы азық – түлікті үйде дайындау кезінде ережелерді дұрыс сақтамау, азық – түлікті сақтау жағдайларының бұзылуы, жеке бас гигиенасын дұрыс ұстамау болып табылады.

2016 жылдың 8 айында апат сумен қамтамасыз ету желілерінде – 83, су бұруға арналған тіреуіште – 157, 2015 жылы сумен жабдықтау желілеріндегі – 100, су бұру арналған тіреуіште – 281. Барлық апаттар уақытылы жойылды. Ағымдағы жылы ауданда «А» вирустық гипатиті бойынша 1 жағдай тіркелген. Эхинококкозға тіркеу жалғасуда, осы кезеңде қазіргі өзінде 4 жағдай тіркелген, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда – 2 жағдай.

Адамдар және хайуанаттар арасында кездесетін құтырма ауруы осы жылы байқалған жоқ. Аудан аумағында бруцеллез ауруымен 2 жағдай тіркелген. Сол сияқты республика бойынша сибір жарасымен де жұмыстар жасалуда. Бұған қатысты да аудан бойынша іс – шаралар жүргізіліп, алдын алуда. Малдан жұғатын ауру бойынша күшейтілген жұмыстар жүргізілуде.

Туберкулез ауруы 2015 жылмен салыстырғанда аудан бойынша көрсеткіш біршама жақсарған. 8 ай ішінде 12 жағдай тіркелген, оның ішінде 4 жағдай жұқпалы түрде болған. 2016 жылы бұл аурудан 4 адам көз жұмды. Ол Абай қаласында және Топар кентінде тіркелді. Ұзақ уақыт асқынған түрде ауырғандықтан 33 – 46 жас аралығында адамдар көз жұмған. Бұл аурудың алдын алу жұмыстарын жүргізіп, сақтандыру шараларын жасау басты назарда. АИТВ ауруы бойынша 8 жағдай тіркелген. Бұл ауру қазіргі таңдағы ең өзекті мәселердің бірі болып табылады. Тұрғындармен ақпараттық жағынан түсіндіру жұмыстары үзбей жасалынып келеді. Сонымен қатар тұмау ауруына қарсы шараларда жасалынып, жыл сайын қарсы дәрі салынууда. Жалпы алғанда, аудан бойынша тұрғындарды санитарлық – эпидемиологиялық сауаттылықпен қамтамасыз ету ең басты міндеттердің бірі болып табылады.

Баяндаманы аудан басшысы талқылай келе, қазіргі уақытта облысымыздағы өзекті мәселердің бірі «сибір жарасы» болып тұрғанын айтты. Осыған байланысты бірқатар тапсырмалар бере отырып, алдын алу іс – шараларын жүзеге асырып, одан әрі күшейтуді тапсырды. Мал қорымдарының болуын, санитарлық – қорғаныс аймағын құру мәселесі жөнінде тапсырмалар берді. Сонымен қатты тұрмыстық қалдықтарды жою жөнінде жұмыстарды қатаң түрде бақылауды тілге тиек етті. Сол сияқты аудан әкімінің атына тұрғындардан қала ішіндегі автобустардың қыс мезгілінде қатты суық болатыны жөнінде шағым келіп түскен. Осыған орай, аудан басшысы қала әкімімен бірге бұл мәселесі қарастыруды баса айтты.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша аудандық ТҮКШ, АЖ, ЖК және ТҮИ бөлімі басшысының орын басары Е.Баймағанбетов аудандық елді мекендерді санитарлық тазалау, көркейту және көгалдандыру бойынша күзгі айлықтың дайындық барысы жөнінде ақпарат берді.

Қыркүйек айының 24 жұлдызында жалпы облыстық, қазанның 8-і күні аудандық, сонымен қатар әр бейсенбі сайын сенбіліктер өткізу жоспарлануда. Осыған орай қала, кент, ауыл әкімдерімен іс – шара жоспары бекітілген. Бұл кезеңде аулаларды тазалау, рұқсат етілмеген қоқыс тастайтын жерлерді шығару, талдарды кесу, ағаш отырғызу, құл – қоқыстардан тазарту жұмыстарын жасау жоспарлануда. Елді мекендерді көгалдандыру мақсатында күзгі ағаштарды отырғызу іс – шаралары жүргізілмек. Жалпы аудан бойынша 500 көшет отырғызу жоспарлануда.

Сол сияқты осы айлық шеңберінде аудан әкімінің тапсырмасымен Карл Марк көшесіндегі 22 үй маңындағы көп қабатты үйдің құрылыс қоқысын шығару жұмыстары алдағы уақытта жүргізілмек.

Ауданымыздың тазалығына аса жауапкершілікпен қарайтын аудан әкімі елді мекендерді күзгі тазалау айлығында жұмыстардың сапалы да, нәтижелі жасалуын шегелеп айтты. Оған барлық тұрғындардың ат салысуын, нақты тазалық жөнінде іс – шара жоспарының жасалуын тапсырды.

Бұдан кейін аудандық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Ф.Төлеу «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының жүзеге асырылуы жайлы баяндама жасады.

Бұл бағдарламаға 2016 жылы республикалық бюджеттен Қарағанды облысына 2 млрд. 349,7 млн. теңге бөлінді. Оның ішінде, пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға – 2046,9 млн.теңге, гранттық қаржыландыру бойынша – 40 млн. теңге, кепілдендіру бойынша – 262,8 млн. теңге, микрокредит беру бойынша – 247 млн. теңге (оның ішінде Абай ауданына – 14,5 млн. теңге). Ағымдағы жылдың 8 айдың қорытындысы бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау бөлігі бойынша Өңірлік Үйлестіру Кеңесінің шешімі бойынша 4 жобаны қолдады, несиенің жалпы құны – 233,2 млн. теңге. Гранттық қаржыландыру бойынша жаңа бизнес жобаларды жүзеге асыру үшін аудандық кәсіпкерлермен 13 жоба үмітті, жалпы құны 38,372 млн. теңге. Қорытындысы ағымдағы жылдың 25 қыркүйегінде өткізілетін болады. Микрокредиттік бизнесте ауданымызға 14,5 млн.теңге бөлінген. Қазіргі таңда «Ауыл шаруашылықты қолдау қаржылық қоры» АҚ –на 4 әлеуетті жобаны қарастыру жіберілді, жалпы құны – 24 млн.теңге, 15 жұмыс орныны ашылатын болады. Ағымдағы жылы аудан бойынша орта және шағын кәсіпкерлікпен айналысу көрсеткіші биылғы жылмен салыстырғанда едәуір өскен. Қорыта айтқанда, ағымдағы жылдың 8 айында БЖК – 2020 бағдарламасын жүзеге асыру есебінен 40 жаңа жұмыс орнын ашып, 4 млн.теңгеге дейін бюджетке салық түсіру жоспарлануда.

Серік Жаманқұлұлы аталмыш бағдарламаны қатаң түрде қарап, қаражаттарының дұрыс игерілуін, өндіріске байланысты мемлекеттік қолдауды нәтижелі пайдалануына көңіл аударуды айтты. Жасалынып жатқан жұмыстар жөнінде аудан бойынша алдағы уақытта жақсы бейнеролик жасауды тапсырды.

Гүлнұр ӘБЕУОВА

ДЕНЬ ТРУДА

Национальная идея – построение Общества Всеобщего Труда

Казахстану, активно начавшему переход от «сырье-зависимого» к инновационному («знание-ориентированному») типу социально-экономического развития, требуются работники с высоким уровнем компетенции, моральных ценностей, культуры труда, рационализаторского профессионализма. В связи с этим Глава государства Нурсултан Абишевич Назарбаев в программной статье «Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда» подчеркнул, что вне индустриально-инновационного развития Казахстана никакая его модернизация невозможна.

Действительно, социально-модернизационный процесс предполагает расширение индустриально-инновационных технологий, базирующихся на использовании человеческого капитала и научного знания, широкое освоение природных ресурсов, расширению вторичного и третичного секторов хозяйства, развития рынка товаров, капиталов и труда. В статье Президента подчеркивается, что основная цель социальной модернизации заключается в подготовке казахстанского общества к жизни в условиях индустриально-инновационного развития.

Глубинной основой модернизационных и инновационных преобразований является человеческий труд. Поэтому сегодня в глобальную повестку дня встает вопрос культивирования и имплементации в жизнь постулатов Общества Всеобщего Труда, выдвинутых Елбасы Нурсултаном Абишевичем Назарбаевым в работе «Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда». В ней Президент подчеркивает: «Сегодня труд – как решающий национальный фактор в условиях XXI века, в условиях глобальной конкуренции – должен быть выдвинут на первый план». Труд – это жизненное кредо, активная позиция настоящего патриота страны. По своей сути, она конструктивна и общественно востребована на государственной службе и в бизнесе, промышленности и аграрном секторе, в банковской и информационных сферах, юриспруденции, науке и творчестве.

Общество Всеобщего Труда невозможно представить себе без достойных, конкурентоспособных

кадров, специалистов нового поколения, креативного класса. Требования, которые предъявляет к работникам глобальная экономика, растут с каждым днем. Новые знания, новые технологии, новые инструменты и механизмы обучения, новый опыт необходимы нам как воздух в жесточайшей конкурентной борьбе. Сегодня перед всей страной стоят большие задачи по подготовке кадров для реализации новой экономической политики «Нұрлы жол», пяти институциональных реформ Главы государства, Плана нации «100 конкретных шагов».

Вступление Казахстана на путь инновационного развития знаменует собой новый этап в социально-историческом процессе. В этих обстоятельствах одной из определяющих черт нашей современной социокультурной ситуации является изменение характера труда. Труд ныне из «средства производства ради производства» превращается в «труд ради жизни». Изменение характера производства в сторону высокой технологичности и наукоемкости, интеллектуализация труда и повышение уровня образования стимулируют новое качество жизни. Благополучие людей оценивается по их возможности вести достойную жизнь, а не по уровню дохода населения. Культивирование общественной ценности честного, добросовестного труда как мерила личного достоинства, источника стабильности и развития каждого человека должно стать универсальным императивом каждого гражданина Казахстана. Поэтому труд является решающим фактором в достижении конкурентоспособности отдельно взятого человека, общества, в целом страны.

Наша главная стратегическая цель – вхождение в число 30-ти наиболее развитых государств мира, несомненно, будет достигнута, так как у нас для этого есть всё: национальная идея – построение Общества Всеобщего Труда, молодая талантливая нация, богатые природные ресурсы, необходимая материально-техническая база. А главное, что у нас есть Лидер глобального уровня - Нурсултан Абишевич Назарбаев!

З.Надирова,
Пресс-секретарь аппарата
акима Абайского района

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді Еңбек күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл мереке әр кезеңдегі ұрпақтарды біріктіреді, себебі тек еңбек арқылы ғана әр отбасы, аймақ және тұтас мемлекет өздерінің әлеуетін көтере алады. Бұл ардагерден жастарға дейін құрметпен қарар құндылық.

Мемлекет басшысы, Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Әрбір қазақстандықтың лайықты, әділ, кәсіби еңбегі – Қазақстанның отыз дамыған елдің қатарына кіру мақсатындағы кепілі», - деп бірнеше рет айтқан болатын.

Республикамыздың жыл сайын қарыштап дами түсуі, - әртүрлі мамандық иелерінің – шахтерлердің, кеншілердің, құрылысшылардың, тыл ардагерлерінің, ұстаздардың дәрігерлердің күн сайынғы тынбай еңбектенуінің нәтижесі. Олар ауданымыз бен еліміздің көркеюіне еңбек сіңірген, әлі де сол жолдан таймай келе жатқан мамандар. Елімізде ауылшаруашылығын дамыту, шағын және орта бизнесті қолдау, жұмыспен қамтамасыз ету тағы да басқа мемлекеттік бағдарламалар сәтті іске асып келеді. Осының барлығы біздің жерлестеріміздің адал қызметтері мен еңбекқорлықтарының арқасында жүріп келеді.

Еңбек күні өз болашағымызға деген сенімділіктің кепілі, ауданымыздың әр тұрғынының ерен еңбегі халықтың жағдайын жақсартуға арналған реформаларды жүргізудегі сәттілік пен экономикамыздың жаңғыруына әкеледі.

Сіздерге мықты денсаулық, бақыт, отбасыларыңызға жақсылық пен молшылық тілейміз!

Абай ауданының әкімі
Абай аудандық мәслихатының хатшысы

С.Шайдаров
Б.Цай

Аким Абайского района
Секретарь Абайского районного маслихата

С.Шайдаров
Б.Цай

Бүгінгі нөмірде:
Сегодня в номере:

ТҮЛДЕР КҮНІ
ДЕНЬ ЯЗЫКОВ
3,4 - бст.

ЕҢБЕК КҮНІ
ДЕНЬ ТРУДА
5 - стр.

ОБЩЕСТВЕННЫЙ СОВЕТ

С ЗАБОТОЙ О СТАРШЕМ ПОКОЛЕНИИ

Каждый месяц Общественный совет рассматривает на своих заседаниях актуальные вопросы общественной и экономической жизни нашего района. 15 сентября 2016 года главной темой стало обсуждение подготовки к проведению Международного дня пожилого человека. Какое внимание будет оказано пожилым людям в нашем районе? В заседании приняли участие Тусенов Д.М., директор КГУ «Молодежный ресурсный центр Абайского района», Тоғумбаева З.К., зав.отделом соц. помощи на дому, Н.С.Перегон руководитель Абайского филиала Палаты предпринимателей, Сагимбекова Б., главный специалист

программа «Мои года, мое богатство», соревнование по шахматам среди ветеранов. В учебных заведениях будут проведены встречи с ветеранами. Готовятся праздничные встречи в городе и сельских округах. Активно откликнулись советы ветеранов предприятий и организаций, профсоюзные организации. Каждая организация отметит своих ветеранов.

Дудкин Н.М., председатель Совета старейшин г.Абая, ознакомил присутствующих на заседании с Обращением ветеранских организаций г. Караганды от 20 июня 2016 года о проведении в Караганде месячника пожилых людей с 1 октября по 30 октября 2016 года.



ГУ «Аппарат акима г.Абай», Исакова Л.И., заведующая поликлиникой г. Абая, депутат Абайского районного маслихата, Кеслер Е.В., председатель собрания местного сообщества пос.Топар, представитель областного филиала КНПК партии Малыхин В.П., Идрисов Ж.А., директор ТОО «Абайлық жылу жүйелері».

Совет ветеранов разработал и утвердил план мероприятий по проведению Дня пожилых людей в Абайском районе. В нем предусмотрено обследование социально-бытовых условий проживания ветеранов всех категорий с целью организации адресной помощи, акции «Старость надо уважать», «Тепло души», концертно-развлекательная

Предложил поддержать данное Обращение и провести такой месячник в Абайском районе

Прошло бурное обсуждение проблем пенсионеров, особенно тех, кто получает минимальную пенсию. Поднимали тему государственной поддержки и участия бизнес-сообщества в решении социальных вопросов. Участники заседания единогласно поддержали инициативу провести с 1 октября по 30 октября 2016 года месячник благотворительных акций в помощь пожилым людям, пенсионерам и инвалидам в Абайском районе.

Н.Филипенко,
Председатель Общественного совета
Абайского района

БЛАГОУСТРОЙСТВО

ДЛЯ КОМФОРТА ЖИТЕЛЕЙ

Благоустройство города. Эти слова становятся с каждым годом все более актуальными, потому что они связаны с созданием комфортных условий для труда и отдыха жителей. Это чистые, освещенные улицы и дворы, зеленые насаждения, цветочные клумбы, фонтаны, детские площадки, малые архитектурные формы, красивые фасады зданий, хорошие дороги и парковки. Этот список можно долго продолжать. Но главный смысл благоустройства - сделать каждый населенный пункт красивым и удобным для жителей. Это направление в течение последних лет активно развивается в Абайском районе. Активно преобразуется и благоустраивается районный центр. В 2016 году из местного бюджета было выделено 23 млн.тенге. На эти финансовые средства был благоустроены несколько дворов в г.Абай.



подъездах не было скамеек, порой даже негде было присесть отдохнуть, подышать свежим воздухом. Но вот в этом году наш двор преобразился, теперь детишкам есть где погулять. Специально для них установлены качели и другие детские аттракционы. Спасибо местным властям за благоустройство нашего двора.



Так, во дворах пр.Победы д.2,2а,2б,4,6,8 на радость жителей установлены детские игровые элементы, светильники перед подъездами, проведены работы по укладке асфальта, брусчатки, бордюров. Проведена замена покрытия искусственного газона на существующей спортивной площадке. Подрядчиком выступило Учебно-производственное предприятие Казахского общества глухих.

Наш двор казался до недавнего времени несколько неудобным, темноватым. Во многих

ра, - признается жительница г. Абая Сагыныш Абишева. - Сейчас хочется побольше времени проводить во дворе.

Работа по благоустройству города и сел Абайского района – не разовая кампания. Это планомерная и перспективная задача, в решении которой принимают участие все. И в наступающем году абайцев ждут новые созидательные дела, чтобы сделать район еще краше.

Соб.корр.

О реализации Плана нации «100 конкретных шагов»

В Абайском районе в целях вовлечения в оборот земель сельскохозяйственного назначения 20 июля 2016 года был объявлен конкурс по предоставлению земельных участков в аренду для ведения сельскохозяйственного производства. По итогам проведенного конкурса было вовлечено земель сельскохозяйственного назначения площадью 19465 га.

Рабочей группой по выявлению земельных участков используемых с нарушением законодательства, неиспользуемых земельных участков и по рассмотрению повышения базовых ставок земельного налога и ставок единого земельного налога на неиспользуемые земельные участки были направлены 2 землепользователя в ГУ «Управление по контролю за использованием и охраной земель Карагандинской области» для дальнейшего принятия мер по применению 10-кратной ставки земельного налога к землепользователям за не использование земельного участка в соответствии с Земельным законодательством Республики Казахстан.

Совместно с акимами сел, поселков и сельских округов Абайского района ведется регулярный мониторинг использования сельскохозяйственных земель.

Р. Сатыбаева Руководитель ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства Абайского района»



ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті «Қарағанды облысының Азаматтық альянсы» қоғамдық бірлестігімен бірлесіп «Азаматтық бақылау» мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында «Қоғамдық қабылдау» жобасын жүзеге асырады.

Қоғамдық қабылдаулар сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының, сондай-ақ мемлекеттік қызмет, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер салаларындағы заңнамалардың, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің бұзушылықтарын болдармауда азаматтық бастамалардың орталығы болуға құрылған.

Қоғамдық қабылдаулар:

1) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мемлекеттік қызмет, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер салаларындағы заңнамалар талаптарының сақталуы мәселелері бойынша кеңес беру қызметін атқарады;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті іске асырады;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг қорытындылары бойынша мемлекеттік органдар үшін жылдық және тоқсандық ұсынымдарды қалыптастырады;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған ақпараттық және ұйымдастырушылық қызметті іске асырады.

Қоғамдық қабылдау қызметі 2016 жылдың 15 тамызынан бастап сағ. 10.00-ден 18.00-ге дейін күнделікті негізде (сенбі, жексенбі және мерекелік күндерден басқа) Қарағанды қ., Кеншілер д., 64 құр., 1 қабат, сол қанат мекенжайы бойынша іске асырылатын болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Департамент Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции по Карагандинской области совместно с общественным объединением «Гражданский Альянс Карагандинской области» в рамках государственного социального заказа «Гражданский контроль» реализует проект «Общественная приемная».

Общественные приемные призваны стать центром гражданской инициативы в вопросах профилактики коррупции, в том числе формирования антикоррупционной культуры, недопущения нарушений законодательства Республики Казахстан о противодействии коррупции, а также в сферах государственной службы, государственных услуг и Этического кодекса государственных служащих.

Общественные приемные:

1) оказывают консультативную помощь по вопросам соблюдения требований законодательства Республики Казахстан в сферах государственной службы, государственных услуг, противодействия коррупции и Этического кодекса;

2) осуществляют антикоррупционный мониторинг;

3) формируют годовые и ежеквартальные рекомендации для государственных органов по итогам антикоррупционного мониторинга;

4) осуществляют информационную и организационную деятельность, направленную на формирование антикоррупционной культуры.

Деятельность Общественной приемной будет осуществляться на ежедневной основе (кроме субботы, воскресенья и праздничных дней) с 15 августа 2016 года с 10.00 до 18.00 час. по адресу г. Караганда, пр. Шахтеров стр. 64 1 этаж, левое крыло.

Абай ауданы әкімі аппаратында 2016 жылдың IV тоқсанына арналған азаматтарды қабылдау кестесі

График приема граждан в аппарате акима Абайского района на IV квартал 2016 года

Лауазымы Должность	Т.А.Ә. Ф.И.О.	Қабылдау күні мен уақыты Дни и время приема	кабинет, тел №
Аудан әкімі	Серік Жаманқұлұлы Шайдаров	әр айдың 1-ші дүйсенбі күні сағат 16.00-де 1-й понедельник месяца с 16.00 часов	Абай қаласы Жеңіс даңғылы 3, конференц-зал тел. 4-65-23 г.Абай пр.Победы 3 конференц-зал тел. 4-65-23
Аким района	Шайдаров Серик Жаманқұлович		
Аудан әкімінің экономика және ауыл шаруашылық мәселелері жөніндегі орынбасары	Мұрат Сакенұлы Мағзин	әр сейсенбі күні сағат 16.00-ден	Абай қаласы Жеңіс даңғылы 3, конференц-зал тел. 4-05-91
Заместитель акима района по экономике и сельскому хозяйству	Мағзин Мурат Сакенович	каждый вторник с 16.00 часов	г. Абай пр. Победы 3, конференц-зал тел. 4-05-91
Аудан әкімінің әлеуметтік мәселелері жөніндегі орынбасары	Әсем Айтжанқызы Жүніспекова	әр сәрсенбі күні сағат 16.00-ден	Абай қаласы Жеңіс даңғылы 3, конференц-зал тел. 4-86-78
Заместитель акима района по социальным вопросам	Джунуспекова Асем Айтжановна	каждую среду с 16.00 часов	г. Абай пр. Победы 3, конференц-зал тел. 4-86-78
Аудан әкімінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық және төтенше жағдайлар жөніндегі орынбасары	Абсалям Еңбекұлы Карин	әр бейсенбі күні сағат 17.00-ден	Абай қаласы Жеңіс даңғылы 3, конференц-зал тел. 4-05-91
Заместитель акима района по жилищно-коммунальному хозяйству и чрезвычайным ситуациям	Карин Абсалям Енбекович	каждый четверг с 17.00 часов	г. Абай пр. Победы 3, конференц-зал тел. 4-05-91

Ескерту: аудан әкімінің қабылдауына алдын ала жазылу №22 кабинетте жүргізіледі, тел.4-65-23

Примечание: предварительная запись к акиму района ведется в кабинете № 22 ежедневно, тел.4-65-23

ТІЛДЕР КҮНІ / ДЕНЬ ЯЗЫКОВ

ЕЛ БІРЛІГІ – ТІЛІМІЗДЕ!

Еліміз Тәуелсіздік алған 25 жыл ішінде қазақстандық бірегейлікті қалыптастырушы, Қазақстан халқының басын біріктіретін басты фактор ретінде мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, өрісін кеңейту бағытында біршама жұмыстар атқарылды. Мемлекеттік тілмен қатар, біздің елімізде тұратын басқа да халықтар тілдері мен мәдениеттерінің дамуына мүмкіндік берілген. Осындай сапалы тіл саясаты қоғамдағы бірлік пен татулықты сақтауға мүмкіндік береді. «Бірлігіз ел тозады, бірлігіз ел озады» дейтін даналықтың шындығына бүгінде бәріміз куәміз. Бүгінде тіл саясаты – ұлттар достығын берік сақтаудың арқауы. Осыған байланысты мектебімізде оқушылардың мемлекеттік тілге деген қызығушылығын арттыру, патриоттық сезімдерін қалыптастыру, қазақ тіліне деген сүйіспеншіліктерін ояту мақсатында Қазақстан Республикасы тілдер күніне арналған іс-шаралар онкүндігі болып өтті.

Сынып жетекшілерімен «Тіл тағдыры – ел тағдыры» тақырыбында сынып сағаттары өткізілсе, мектеп кітапханасында «Ана тілім – ардағым» атты көрме ұйымдастырылды және «Мемлекеттік тіл – менің тілім» тақырыптық қабырға газеті шығарылды. Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері қазақ халқының ақын-жазушылары А.Байтұрсынұлының, Ы.Алтынсариннің, С.Мәуленовтың, Ш.Мұртазаның, Ғ.Мұстафиннің, Ғ.Мүсіреповтің мерейтойларына байланысты түрлі шаралар өткізді. Осы орайда қазіргі тіл саясатының бірі үштілділік – ұтқыр шешім де қалыс қалмады. Орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі мұғалімдері де өз тарапынан тақырыптық ауызша журнал мен сыныптан тыс іс-шара жүргізді. Тіл онкүндігі мәнді және мазмұнды болып өтті.

Қ.Есмағанбетова, №12 ТМ (РО) КММ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

ТІЛ ТАҒДЫРЫ – ЕЛ ТАҒДЫРЫ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Тіл тағдыры ел тағдыры» тақырыбы аясында «Аққу» бөбекжай балабақшасында 14-22 қыркүйек аралығында «Тіл мерекесі» апталығы өткізілді. Апталықтың соңғы күні ересек топтар арасындағы салтанатты мерекелік іс шарамен қорытындыланды. Мерекелік іс шараны бөбекжай директоры А.А. Ералиеваның құттықтау сөзімен ашылып, салтанатты жиында ҚР гимні орындалды. Мерекелік іс шарада әр топтан шыққан балалар түрлі ұлт өкілдерінің ұлттық киімдерімен, салт дәстүрін және тілі мен өнерін көрсетті. Тіл мерекесі барлық топ балаларының «Атамекен» әнін шырқауымен аяқталды.

С.Ерсұлтанова
«Аққу» бөбекжай әдіскері



Тіл мерейі-ел мерейі

«Тіл – ұлттың айнасы» депті даналардың бірі. Тіл туралы айтылған кеменгерлік сөздер қаншама! Ұлтың мен мемлекетің бар болмысы осы тіл арқылы таниды емес пе өзгелер. Осылай болса, ұлттың ұлт болып қалыптасуына тіл мәселесі мен мәртебесі бірінші орында тұруы заңды. Жүздеген жылдар бодандықта болған кездерде де жойылмаған ана тіліміздің осы күнде өзекті мәселе болып отыр.

Биыл тәуелсіздігімізге 25 жыл толмақшы. Осы жылдар арасында тіл мәселесіне қатысты Заң мен бірнеше маңызды құжаттар қабылданды. Арнайы әртүрлі деңгейдегі ісшаралар өткізілді. Сондай ісшаралардың бірі жылда қыркүйек айында келетін ҚР халықтарының Тілдер күнін атап өтуде мектепшілік жоспар жасалды.

№1ҚББ мектеп-ортаалғында бұл мереке мектепшілік саптық жиынан басталды. Онда үш тілде өлең жолдар оқылып, әр халықтың өкілі өз ана тілінде құттықтау айтып, би биледі. «Мақал-мәтел халық даналығы» тақырыбында бастауыш сынып аралығында сайыс жоғары деңгейде өтті.

Биылғы жыл торқалы тойлармен ерекшеленеді. Жалпақ жатқан жұрттың құрметтеу ең алдымен өзінің туған өлкенің тарихын танып, адамдарды ардақтаудан басталады. Туған елі мен жерінің бағына туған тұғырлы тұлғалармен ерекше мәртебелі. Жұсаны жақсылыққа, кәдесі кендікке, бетегесі байлыққа тұнған қазақ жерінде қаншама

тарих жатыр десеңізші. Есімі алты алашқа мәлім шаңырақта шаттық, босағада бақ дарыған, керегесі кең, уығы ұлыққа көтерілген, сөздері асықтың алшысындай, ойлары сахараның даласындай белгілі ақын-жазушыларымыз қазақ жерінде ғұмыр кешкен.

Ақын-жазушыларымыз Ы.Алтынсариннің 175 жылдығын атап өтуде «Атаның асыл сөздері», «Даланың дара ұстазы» тақырыптарда ашық тәрбие сағаты өткізілді. Оқушылар өздерінің дайындаған қойылымдары мен өлеңдерін оқып, дүйім жұртты қуантты. А.Байтұрсынов пен Ш.Мұртаза аталарымыздың өмірі мен шығармашылық жолы, дананың дархан бейнесін ашу барысында сынып сағаттары ұйымдастырылды. Атаулы той иелерінің сөз маржандары, шығармаларындағы өсиет – өнегесін жас ұрпақтың сана сезіміне жеткізу, асыл ағаларымыздың еңбектерін өмірде қолдана алуға үйрететін мұғалімдер қауымы екені белгілі.

Орыс, ағылшын тілдерінде лингвистикалық турнир мен әртүрлі сайыстар өтті. Онда мұғалімдер қазақ, орыс, ағылшын тілінде қызықты тапсырмалар, ертегілерді сахналады. Елбасының «Еліміздің ертеңі-бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры-ұстаздардың қолында» деген сөздері мектеп мұғалімдері қауымына үлкен жауапкершілік арттады.

П.Әбілдина

№1 ҚББМО директордың орынбасары

Ағылшын тілін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері

Қазақстан халқы тілдер күніне орай аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі ММ-нің ұйымдастыруымен 21 қыркүйек күні мектеп мұғалімдерінің, колледж оқытушыларының қатысуымен «Ағылшын тілін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері» атты әдістемелік семинар болып өтті. Семинардың басты мақсаты - ересектерге және мектеп оқушыларына ағылшын тілін оқытудың тиімді жолдарымен таныстыру, инновациялық

ағылшын тілдерін меңгерген тұрғындардың үлесі 2017 жылға қарай – 3 %, 2020 жылдарға қарай – 5 % көрсеткіші қойылған.

Жалпы тілді насихаттауда тілді үйретудің маңызы зор. Ағылшын тілін оқыту курстары 2013-2016 жылдар аралығында оқытылып, жалпы 46 мемлекеттік қызметші дәріс алып, оның барлығы да сертификатпен қамтамасыз етілген. Қазақстандықтардың лексикалық капиталының

технологияларды меңгертудегі оқыту әдістерін бағалау, жүйелеу, Елбасының «Үштұғырлы тіл» саясатын және көптілділікті насихаттау болып табылады.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің ағылшын тілі кафедрасының доценті Ж.А. Қағазбаев пен аға оқытушы, п.ғ.м. А.Е. Сейлханова баяндама жасап, өздерінің тәжірибесімен бөлісті. Содай-ақ, Қарағанды облыстық тілдерді оқыту орталығының оқытушысы Б.Ж. Мұқашева ағылшын тілін оқыту барысында кездесетін кейбір мәселелерге тоқталып, практикалық жұмыстың өзектілігіне шолу жасады. ҚР – да Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында 4 ші бағыт бойынша, яғни лингвистикалық капиталын дамыту үшін қолайлы жағдай жасау бағыты бойынша аудандағы ағылшын тілін меңгерген тұрғындардың үлесі мақсатты индикаторлық көрсеткіштер негізінде 2016 жылға қарай- 2 %, 2018 жылға қарай – 4,5 %, 2020 жылға қарай – 6 % көбейту жоспарланған. Үш тілді яғни қазақ, орыс,

негізгі құрамдас бөліктерінің бірі іскерлік және халықаралық қарым-қатынас құралы ретіндегі шет тілдері болып табылады. Ағылшын тілі барлығымызға белгілі нарықтық экономикада басым тілдердің бірі болып табылады.

Бірақ қай деңгейде оқытып жатырмыз, осы оқытып үйретудің қазіргі таңдағы нәтижесі қандай деген сауал бәріміздің көкейінде сайрап тұрады. Сондықтан ұйымдастырылған аудандық семинарымыз осындай сауалдарды шешу мақсатында және өз іс тәжірибелерімен бөлісу мақсатында жеті – көпшіліктің көкейіндегі өзекті мәселелерді шешу жолын тапқандай болды.

Өз тілшімізден

Шырағын жаққан білімнің

«№9 мектеп-балабақша кешенінде» даланың данасы, дананың дарасы, келелі ойдың егесі, білім теңізінң кемесі-кеменгер ұстаз, ағартушы Ыбырай Алтынсариннің шығармаларынан көркем сөз оқу шеберлерінің мектепшілік байқауы өтті.

Балауса конкурстың мектепшілік сайысы Қазақстан Республикасының Тілдер мерекесі күніне орай өткізілген апталықтың 5-күнінде Ыбырай Алтынсариннің 175 жылдық мерейтойына арналды. Балалар әдебиетінің атасы атанған Ыбырай Алтынсарин тағылымдарын насихаттауға арналған көркем сөз оқу шеберлерінің байқауына 5-9 сынып оқушылары белсене ат салысты. Әдебиеттің – прозалық, поэзиялық шығармаларды мәнерлеп оқу аталымдары бойынша өткен шара мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтіп, тіл мәдениетін көтеруге бағытталды.

Байқауды өткізудегі тағы бір маңызды мақсат – қазақ балалар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармаларын насихаттау, қазақтың әдебиетін, өнерін халық арасында кеңінен тарату, мемлекеттік тілдің дамуына жағдай жасау, шығармашыл жастарды ын-таландыру және олардың шығармашылық тұрғыда дамуына ықпал ету, өскелең жас ұрпақты қазақ халқының тілін, салт-дәстүрін, мәдениетін сыйлауға, Отаын сүюге және ұлтжанды болуға тәрбиелеу.

Қазылар алқасы жастардың өнерін бағалау кезінде олардың жыр мәтінін жатқа оқу

шеберлігіне, дауыс мәнері мен актерлік орындаушылық қабілетіне назар аударды. Аталмыш байқау үш кезеңнен тұрды. Бірінші кезең «Өнер-білім бар жұрттар» атты ақынның поэзиялық шығармаларынан 1-орынды 8 «А» сынып оқушысы Тұрсынов Мирас пен 9 «А» сынып оқушысы Сыздық Мерей өзара бөлісті. Оразбекова Әмина 2-орынды иеленді, 3-орынды 9 «А» сынып оқушысы Аманбек Жансұлтан қанағат тұтты. Екінші кезең ақынның «Кел, балалар, оқылық!» атты прозалық шығармаларынан мәнерлеп айту сайысында 1-орын 8 «А» сынып оқушысы Әлиман Думан, 2-орынмен 7 «А» сынып оқушысы Берік Мәрлен марапатталса, Желтургузов Ержан 3-орынға ие болды. Үшінші кезеңінде оқушылар өздерінің актерлік шеберліктерін танытты. Ыбырай Алтынсариннің тағылымдық әңгімелерінен 5 «А» сынып оқушылары 1-орын, 2-орынмен 7 «А», 9 «А» сынып оқушылары марапатталды. Байқауды 8 «А» сынып оқушылары Ибрагимова Ғалия мен Елубай Нұржан ақынның өмірі мен шығармашылығы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізіп, байқауды қортындылады.

Байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне конкурс дипломы мен бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Қаршыға Хавалхан
«№9 мектеп-балабақша» кешенінің
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

ТІЛІМ МЕНІҢ...

Қазақ халқында «Тілім – тірлігім» деген тамаша сөз бар. Тілден тірлік іздеген қазағымның қасиеті қандай?

Ашыда болса, шындық, жұмыс барысымен кез-келген мекемеге қоңырау шалсаң, «Алло, здравствуйте» - деп шүлдірлейтін қандастарымыз көп. Сурақты қазақша қойсаң, «Что вы говорите, я не понимаю» - деп тұратынын қайтерсің? Сонымен, өз елінде, өзге тілде былдырлайсың. Егер, олай болмағанда сұрағыңа жауап ала алмайсың. Бұл қалай болғаны?

Қазақстанның болашағы қазақ тілінде дейтін тілге жанашыр жастарымыз, бұлай етпесе керек-ті. Олай болса ана тіліміздің абыройы мен болашағы біздің қолымызда жастар! Ойланайық! Ой қортайық! ...

Айжан Жумакелд, Абай Құнанбаев атындағы №5 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

22 қыркүйек күні «Нұр Отан» партиясының ғимаратында Абай ауданының жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Тілдерді меңгеру – мәдени достықтың кепілі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Шараға мемлекеттік тілді және өзге де тілдерді жетік меңгерген өзге ұлт өкілдерінің жастары жиналды. Дөңгелек үстелдің басты мақсаты, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, өзге ұлт жастарына қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру, үштілділік тіл саясатын насихаттау болып табылды. «Нұр Отан» партиясының бірінші орынбасары Н.Р.Адашев, қазақ тілін оқыту курсымен айналысатын жеке кәсіпкер Ш.А.Жаналина, ағылшын тілін оқыту курсы оқытушы А.Райх, «Абайлық жылжыуыелерінің» заңгері В.А.Әбдіхалықова, аудандағы тілдерді дамыту жөніндегі бас маман Э.Е.Ахметжанова, Орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры Н.С. Филипенко және Абай көпсалалы колледж студенттері мен мектеп оқушылары қатысып, өткір пікірлерін ортаға салып, өз ойларымен бөлісті. Дөңгелек үстел соңында тіл саясатын насихаттауда сүбелі үлес қосып жүрген бірқатар қызметкерлер мен мектеп мұғалімдері марапатталды.

Өз тілшімізден

ТВОРЧЕСТВОМ СЛАВЛЮ ТЕБЯ МОЙ КАЗАХСТАН



«Независимость – гордость каждого казахстанца» под таким девизом с 10 по 24 сентября в нашем районе проходит смотр – конкурс коллективов художественной самодеятельности учреждений культуры. Праздник народного творчества самодеятельные артисты посвящают 25-летию юбилею Независимости нашего государства.

И первыми эстафету праздника твор-

чества приняли коллективы художественной самодеятельности Курминского сельского округа. 10 сентября они представили на суд жюри и зрителей свою творческую программу.

В этот день фойе птицефабрики как-то по-особенному расцвело от яркого осеннего убранства выставок любителей овощеводства и садоводства, мастеров декоративно-прикладного творчества и художественного вазания. Выставочный зал был наполнен ароматом хлебобулочных изделий, представленных Курминской мини пекарней.

Осенний выставочный вернисаж дополнили своей мясной и кисломолочной продукцией хозяйственные подворья. А с какой искренностью и любовью представил географию и перспективы развития села аким Жумадилов Ж.М. Одним словом, к этому празднику готовились не только самодеятельные артисты, но и все жители села.

Яркой, красочной, с элементами национального колорита была представлена концертная программа творческих коллективов. Каждый номер был продуман, начиная от тематического содержания и заканчивая сценическим имиджем.

Особо хочется отметить яркое выступление детской хореографической группы «Үміт», детского вокального дуэта сестер Шиповских, вокально – инструментального ансамбля «Мерей», домбрового ансамбля. Неизгладимое впечатление в сердцах зрителей, сидящих в зале, оставило выступление народного хорового коллектива «Поющие сердца» и автора стихов Бекен Казбек. В этом большая заслуга руководителей самодеятельных коллективов Волощук С.Л. и Абенова Б.Е.

Эстафету праздника творчества самодеятельных коллективов клубных учреждений района, 15 сентября продолжили Мичуринский, Коксунский и Карагандинский сельские



округа. В этот день яркие и зрелищные номера представили коллективы самодеятельного творчества клубных с. Агрогородок (женский вокальный ансамбль «Огонёк»); с. Коксу (молодежная хореографическая группа «Крейзи»). Хочется особенно отметить многожанровую программу сельского Дома культуры с. Жарта. Каждый концертный номер программы был продуман от сценического костюма, музыкального сопровождения до его исполнения. Вырос творческий и исполнительский потенциал самодеятельных коллективов. Каждый концертный номер программы вызывал искреннюю поддержку зрителей и положительные отзывы членов жюри.

Оргкомитет по проведению районного – смотра конкурса



ТІЛДЕР КҮНІ / ДЕНЬ ЯЗЫКОВ

ӨНІРДЕГІ ТІЛ САЯСАТЫ – БІРЛІК ПЕН БІРЕГЕЙЛІК

Тіл саясаты – аудан тұрғындарының басын біріктіретін басты фактор ретінде және саяси тұрақтылықтың басты тірегі болып табылатын мемлекеттік саясат болып табылады. Сол себептен де, тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында белгіленген міндеттерді нақты шешу жолдарын орындау қарастырылған. Елбасы алға қойған басты міндеттердің бірі ретінде өңірлік даму бағдарламасында мақсатты индикаторлық көрсеткіштер нақтыланған. Олар: Мемлекеттік тілді меңгерген ересек тұрғындар үлесі 2016 жылы 60 %, 2018 жылы – 65 %, 2020 жылдарға қарай 70 %; Ағылшын тілін меңгерген ересек тұрғындардың үлесі – 2016 жылы – 2%, 2018 жылы – 4,5 %, 2020 жылға қарай – 6%; Үш тілді (қазақ, орыс, ағылшын) меңгерген ересек тұрғындардың үлесі – 2016 жылы – 2,5%, 2018 жылы – 3,5%, 2020 жылы – 5% жеткізу. Осы міндеттерді орындау үшін бүгінгі күні Абай ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінде біршама жұмыстар атқарылуда. Бөлім тарапынан ұйымдастырылған қазақ және ағылшын тілін оқыту курстарына тіл үйренушілердің саны жыл сайын артып келеді. Мемлекеттік және азаматтық қызметшілердің қазақ тілінде сауатты жазу дағдысын қалыптастыру мақсатында Қазақстан халқы тілдері күні қарсаңында жыл сайын дестүрлі түрде диктант алу жұмыстары

ұйымдастырылады. Ауданда 2013 жылдан бастап 2016 жылға дейін 260 азаматтық және мемлекеттік қызметші «Қазтест» жүйесі арқылы тестілеуден өткен, оның ішінде сертификаттық тестпен 16 адам қамтамасыз етілген. Аудандық әкімдікке қарасты мекемелердің мемлекеттік қызметшілері, өңірлік мекемелердің мемлекеттік қызметшілері, мемлекеттік қызмет көрсететін мекемелердің қызметкерлерін қатыстырылуымен 2016 жылы – 90 адам, 2018 жылы – 110 адам, 2020 жылдарға қарай 120 адамды «Қазтест» жүйесі негізінде тест тапсыру жұмыстары жоспарланған. Жыл сайын «ҚАЗТЕСТ» жүйесінің ерекшелігі және тест тапсырмаларын орындау жолдары» атты әдістемелік семинар ұйымдастырылады.

Мемлекеттік тілдің әлеуметтік – коммуникативтік қызметін жетілдіру бойынша алға қойған міндеттерді орындаудың тікелей көрсеткіші – мемлекеттік органдардағы жалпы құжат айналымын 95 % мемлекеттік тілде жүргізу болып табылады. Аудан бойынша мемлекеттік тілдегі іс жүргізу 2015 жылға – 94%-ы құраса, 2016 жылы – 96% құрайды. Жыл барысында іс жүргізу біліктілігі мен тәжірибені жетілдіру, мемлекеттік тілде ресімделетін құжаттардың сапасын арттыру мақсатында іс жүргізушілерге, аудармашыларға арналған наурыз айында «Үздік аудармашы» байқауы, шілде айында «Мемлекеттік мекемелердегі іс жүргізудегі өзекті мәселелер»

атты әдістемелік семинар ұйымдастырылды.

Қазақ тілін, орыс тілін, ағылшын тілін меңгергендердің және үш тілді меңгергендердің үлесін анықтау үшін аудандағы тілдік ахуалды, тұрғындарының тілдерді меңгеру деңгейін мен тілдің мәдени дәрежесін зерттеу мақсатында түрлі шаралар жоспарланған. Ағымдағы жылдың ақпан айында «Қазақшаң қалай, балақай?» байқауы, сәуір айында – «Абай оқулары» байқауы, тамыз айында – «Абайды оқы, таңырқа» Абай шығармаларын үш тілде оқитындарға арналған кездесу кеші, мамыр айында «Ана тілі сұлтаны» байқауы, маусым айында «Тіл – достық пен бейбітшілік кепілі» этномәдени бірлестіктермен дөңгелек үстел, шілде айында – «Ізденіс табысқа жетелейді» ағылшын тілінің курсына қатысушыларға арналған шығарма байқауы, тамыз айында – «Ағылшын тілі – әлемдік мәдениеттің, өнердің, ғылымның кілті» кітап көрмесі, шілде айында «Мемлекеттік тіл және БАҚ» байқауы, қыркүйек айында – «Тіл шебері» байқауы, қыркүйек айында мемлекеттік қызметшілерге арналған «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» эссе байқауы, қазақ тілін меңгерген өзге ұлт жастарына арналған «Тілдерді меңгеру – мәдени достықтың кепілі» кездесу кеші, ағылшын тілін оқытушы мұғалімдерге арналған «Ағылшын тілін оқытудың әдістемелік семинар т.б. шаралар кешені ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, Абай көпсалалы колледжінде «Үштұғырлы тіл» кабинетін ашу жұмыстары қарастырылуда.

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің басшысы Ә.Жақсылықовтың 2016 жылғы 20 шілдедегі №6-1 тапсырмасына сәйкес, ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына байланысты жекелеген көшелер мен нысандарға атау беру және оларды қайта атау бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Мысалы, Вольный ауылындағы Ермак көшесін Бірлік көшесіне ауыстыру, Дзержинский ауылдық округін Аққайнар ауылдық округіне ауыстыру, Дзержинский орта мектебін Ы.Алтынсарин атында ауыстыру туралы мәселелер қолға алынууда.

Тіл саясатын насихаттауға арналған 2016 жылдың 9 айлығы бойынша барлығы 33 мақала жарық көрген. 23 мақала қазақ тілінде, 10 мақала орыс тілінде. 3 мақала облыстық газетте жарық көрді.

2016 жылдың 18 - сәуірі мен 18 мамыр аралығында «Көрнекі ақпарат пен жарнамаға – сауаттылық» атты облыстық айлық жарияланып, аудан бойынша біршама жұмыстар атқарылды. Рейд барысында қамтылған заң бұзушылық орын алған көрнекі ақпараттар мен жарнамалардың саны 14



кемшілік анықталып, оның 6 көрнекі ақпарат мүлдем алынып тасталса, 6 жарнамалық ақпарат заң талаптарына сәйкес түзетілді. «Электронды үкіметтің» Е-лицензиялау бойынша порталы арқылы көрнекі ақпараттар мен жарнамаларды орналастыру, олардың мәтіндерімен келісу 2016 жылдан бастап 45 эскизге келісім беру арқылы жүзеге асырылған.

Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі. Тілдің мәртебесі – ұлттың мәртебесі, елдің мерейі, бірлік пен бірегейлік кепілі.

В.Аксанова
Абай ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі ММ басшысы

Кемеңгер ұстаз – Ыбырай Алтынсарин

22 қыркүйек күні тілдер мерекесіне орай Абай ауданының білім бөлімінің ұйымдастыруымен Топар кентіндегі Корниенко атындағы қосымша білім беру орталығында аудандық «Білім ошағының өшпес жұлдызы» атты Ыбырай



Алтынсариннің – 175 жылдығына арналған қазақ тілі, қазақ әдебиеті мұғалімдері мен оқушыларының аудандық ғылыми – практикалық конференциясы өтті.

Конференцияның мақсаты кемеңгер ұстаз Ы.Алтынсариннің білім ордасындағы еңбегін, баға жетпес асыл мұрасының құндылықтарын, өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін



жас ұрпақтың санасында қалыптастыру. Елбасының «Мәңгілік ел» идеясы мен Ыбырай Алтынсарин мирас еткен еңбектерінің арасындағы елін қорғау, туған сүю, қамқорлық жасау сабақтастығын насихаттау.

Жиында мектеп директорының міндетін атқарушы Анар Зейтова төрағалық етіп, аудандық білім бөлімінің әдіскері Сая Шегирова, жалпы орта білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті оқытушылары, мектеп оқушылары қатысты. Конференцияның жоғарғы дәрежеде өтуіне ұйытқы болып, аталмыш үлкен жобаны қолға алған Корниенко атындағы мектептің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Үндемес Чегирова болды. Сонымен қатар ұстаз «Ыбырай Алтынсариннің оқыту

жүйесіндегі методикасы» жөнінде тұщымды пікірлікпен мен ойларын ортаға салды.



Бұдан кейін өз баяндамаларымен мектеп оқушылары шығып, ойларымен бөлісті. Ағартушы ғалымның өмірбаянын 11 – сынып



оқушысы Наталья Плешакова кеңінен айтып берді. Ы.Алтынсариннің шежіресін 10 – сынып оқушысы Владислав Герт және нағашы атасы Шеген би туралы 8 – сынып оқушысы



Аслан Тафатулин мәлімет берді. Ыбырай өз заманында қазақ зиялыларымен де, орыс

ақын – жазушыларымен де достық қарым – қатынаста болған. Солардың ішінде шоқтығы биік, ұлы ақынымыз Абай Құнанбаевпен

қарым қатынасы туралы 9б – сынып оқушысы Влада Закирова, ағартушылық педагогикалық қызметі жөнінде 10 – сынып оқушысы Ангелина Арзамасова, Ы.Алтынсариннің педагогикалық

көзқарасы жайында 8б – сынып оқушысы Игорь Холодкин, ғылыми және әдеби қызметі туралы 9б – сынып оқушысы Эльмира Тасырбаева, ағартушының қоғамдық – саяси қызметі жөнінде 9б – сынып оқушысы Вероника Магазиева баяндама жасады. Пленарлық



мәжілістің шарықтау шегінде 10 – сынып оқушысы Яна Шрейдер мұғалімдердің Ыбырай Алтынсарин туралы жазған хаттарынан үзінді оқып, сонымен қатар «Кел, балалар оқылық» өлеңін төрт тілде оқып берді. Ағылшын және неміс тілдеріне өзі аударған.



Бұдан кейін «Үміт еткен достарым, сіздерге бердім батамды» атты Ы.Алтынсарин еңбектерінен қойылым, сурет көрмесі арқылы жұмбақтар, мақалдар, мысалдарын айтып берді. Конференцияға келген қонақтарды мектеп мұражайына апарып, мектептің тарихымен, жетістіктерімен, мақтаншытарымен таныстырды.

Конференция аясында мамандар Ыбырай Алтынсариннің педагогтік, жазушылық қызметтеріне осылайша жан-жақты талдау жасады. Ағартушы ұстаздың жасаған еңбектері ерқашан кейінгі ұрпақтарға үлгі болып қалатыны тағы да бір нақтыланды.

Гүлнұр ОҒАЛЫСҚЫЗЫ

ЕНБЕК КҮНІ / ДЕНЬ ТРУДА

Музыка - это любовь и большая работа

В этом году наш собеседник отметил сразу несколько важных дат — 50-летие трудовой деятельности в детской музыкальной школе г.Абай и 75-летний юбилей. Виктора Николаевича мы застали на работе в тот момент, когда он занимался с юными музыкантами. Несмотря на возраст, он продолжает работать и полностью увлечен любимым делом.

— Отец моего друга отлично играл на баяне. Когда он касался музыкального инструмента, то все вокруг сразу становилось лучше и красивее. Мужчину приглашали на различные праздники и мероприятия. Это было прекрасно! Я внимательно следил за тем, как он нажимал на клавиши баяна. Когда же я взял его в руки, то музыка навсегда овладела моей душой. С помощью самоучителя я стал обучаться нотной грамоте, — рассказывает Виктор Жеребятёв.

Еще больше музыкальные способности у Виктора стали проявляться в самодеятельном коллективе завода имени Пархоменко г.Караганды. В то время он трудился столяром на мебельной фабрике. С улыбкой он вспоминает о том, как во время обеда играл на баяне и иногда настолько погружался в этот процесс, что забывал о том, что его ждут на рабочем месте. И только грозный голос начальника цеха приводил его в чувство. Объединившись с ребятами, Виктор организовал трио баянистов. Первые успехи и аплодисменты зрителей вдохновили душу рабочего парня. И он решает посвятить свою жизнь музыке, успешно поступив в музыкальное училище г.Караганды и выбрав специальность «Баян и руководитель оркестра народных инструментов».

Получив музыкальное образование, молодой специалист стал работать педагогом в детской музыкальной школе г.Абай. Через несколько месяцев Виктора Николаевича назначили директором. В этой должности он проработал более 17 лет, до 1983 года. В 1976 году он закончил дирижерско-оркестровое отделение Челябинского государственного института культуры. Однако должность директора несколько тяготила свободлюбивое сердце музыканта. Хозяйственные дела и бесконечные совещания занимали много времени, и музыка, к огромному сожалению, отходила на второй план. Посоветовавшись с близкими и коллегами, Виктор Николаевич решил снова преподавать. Найдя себе достойную замену, он снова вернулся к ученикам. Творческий процесс заиграл яркими красками. За короткое время педагог создал оркестр русских народных инструментов и оркестр баянистов.

— Это была очень трудоемкая работа. Представьте себе, как нелегко научить играть одного ребенка, а тут приходилось работать

Он не скрывает, музыка ворвалась в его жизнь неожиданно и навсегда. И сейчас преподаватель по классу баян и гитара Виктор Николаевич Жеребятёв, педагогический стаж которого составляет более 50 лет, не представляет себя без этой волшебной и дивной страны под названием Музыка.



